

**6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
Андреева Ольга Александровнаның
«Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін
қолдануға даярлығын қалыптастыру»
тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бойынша
АҢДАТПА**

Зерттеудің өзектілігі қазақстандық қоғамда болып жатқан өзгерістермен айқындалады, бұл өзгерістер білім беру жүйесін реформалауға тікелей ықпал етуде.

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының негізгі бағыттарына сәйкес, білім беру қазіргі жаһандық өркениет жағдайында дамудың жүйекұраушы факторы болып табылады.

Қазақстанның Болон процесіне қосылуынан бастап қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруді көздейтін үштілді білім берудің маңызы айтарлықтай артты.

Осыған байланысты мемлекеттік көптілділік саясаты талаптарын ескере отырып қалыптастырылатын орта білім беру мазмұны ерекше мәнге ие болады. Аталған саясаттың негізгі мақсаты — мәдени әртүрлілікті құрметтейтін, үш тілді меңгерген және мәдениетаралық өзара іс-қимылға қабілетті тұлғаны даярлау. Практикалық іске асыру үштілді білім беру арқылы жүзеге асырылады: қазақ, орыс және шетел тілдерін деңгейлеп меңгеру, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан жекелеген оқу пәндерін осы тілдерде оқыту.

Мектеп деңгейінде көптілділік қағидаттарын тиімді енгізу кәсіби қызметінде үш тілді меңгеріп қана қоймай, оларды қолдана алатын жоғары білікті педагог кадрларға деген қажеттілікті айқындайды. Осыған байланысты жоғары білім беру жүйесіне заманауи білім беру саясаты талаптарына сай мамандар даярлау міндеті жүктеледі.

Көптілді оқытуды енгізуге байланысты міндеттерді жүзеге асыру болашақ педагогтарды даярлаудың барлық қырларын қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Бұл үдерісте болашақ биология мұғалімдерін даярлау ерекше мәнге ие, өйткені олардың кәсіби және тілдік даярлық деңгейі білім беру тәжірибесінде үштілді оқыту моделін тиімді іске асыруды айқындайды.

Қазақстанда үштілді оқытуды енгізу бастамасы жаңа мүмкіндіктер ашумен қатар, білім беру жүйесі үшін маңызды сын-қатер болып табылады. Ол ұлттық басымдықтарды халықаралық стандарттармен ұштастыруға бағытталған және қазақстандық білім берудің жаһандық деңгейде тұрақты дамуын, бәсекеге қабілеттілігін және танылуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда болашақ биология мұғалімдерінің ағылшын тілін кәсіби қызметінде қолдануға дайындығын қалыптастыру мәселесі толық шешімін тапқан жоқ. Бұл салада келесі бірқатар **қайшылықтар** байқалады:

– кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдана алатын, жоғары деңгейдегі кәсіби даярлығы бар педагог кадрларға қоғамның қажеттілігі мен болашақ биология мұғалімдерінің басым бөлігінің аталған қызмет түрін жүзеге асыруға дайындығының төмен деңгейі арасындағы;

– болашақ биология мұғалімдерінің ағылшын тілін кәсіби қызметінде қолдануға дайындығын қалыптастыру қажеттілігі мен жоғары оқу орнында кәсіби даярлау үдерісінде осы дайындықты қалыптастырудың ғылыми негізделген моделінің болмауы арасындағы.

Аталған қайшылықтар зерттеу мәселесін айқындады, ол болашақ биология мұғалімдерінің ағылшын тілін кәсіби қызметінде қолдануға дайындығының мәнін анықтау және осы дайындықты қалыптастыруға қажетті педагогикалық шарттарды айқындау болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындығын қалыптастыру моделін теориялық тұрғыда негіздеу және практикалық тұрғыда әзірлеу.

Зерттеу объектісі: жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындығын қалыптастыру үдерісі.

Зерттеу гипотезасы: егер жоғары оқу орнының оқу үдерісіне болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындығын қалыптастыру моделі енгізілсе, бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттырады, өйткені бұл жағдайда ағылшын тілін өнімді деңгейде меңгерген, оны кәсіби қызметінде қолдануға дайын, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Мақсатқа, объектіге, пәнге және зерттеу гипотезасына сәйкес келесі **міндеттер** анықталды:

1. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындығы ұғымының мәнін және мәндік сипаттамаларын нақтылау.

2. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау.

3. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындығын қалыптастыру моделін әзірлеу.

4. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындығын қалыптастыру моделін іске асырудың тиімділігін эксперименттік түрде тексеру.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде әзірленген төмендегі **қағидалар** құрады:

– жоғары білім беру педагогикасы және әдістемесі (С.И. Архангельский, Н.В. Ипполитова, В.П. Каширин, Н.В. Кузьмина, В.С. Лазарев, В.В. Сериков, В.А. Слостенин, В.Д. Шадриков және басқалар);

- шет тілдерін, көптілді және үштілді білім беруді дамыту (Б.А. Жетписбаева, Л.С. Сырымбетова, Г.К. Тлеужанова, А.Т. Анисимова, Н.Д. Гальскова, Е.И. Пассова, С.С. Кунанбаева, Д.Н. Кулибаева және басқалар);

- шет тілін оқытуды студенттердің кәсіби дайындығы аясында зерттеу мәселелері (А. Абдрахманова, Н.А. Есимханова, У.И. Копжасарова, Д.Н. Асанова, А.К. Фридзон, А.З. Ибатова, Г.И. Богин, А.А. Вербицкий, Н.И. Гез, М.А. Давыдова, М.К. Кабардов, Г.А. Китайгородская, А.А. Леонтьев және басқалар);

- оқу үдерісін модельдеу (А.Я. Арманд, В.П. Беспалько және басқалар).

Зерттеу көздері: заңнамалық актілер мен нормативтік-құқықтық құжаттар, жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын реттейтін құжаттар; философия, педагогика, психология және социология саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, шет тілдерінде студенттерді даярлаудың аспектілерін ашатын; Интернет желісіндегі ақпараттық ресурстар; білім беру практикасына қолданылатын оқу-әдістемелік, бағдарламалық және нормативтік әдебиеттер, сондай-ақ автордың кәсіби қызметі барысында жинақталған педагогикалық тәжірибесі.

Зерттеу әдістері:

- теориялық әдістер: зерттелетін мәселе бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді талдау, бұрынғы диссертациялық зерттеулерді талдау, теориялық моделдеу әдісі, жоғары оқу орындарының құжаттамасын зерттеу;

- эмпирикалық әдістер: педагогикалық эксперимент, тестілеу, сауалнамалар, сұхбаттар, оқытушылар мен студенттермен әңгімелесу, бақылау, сабақтарды аралап көру және талдау, педагогикалық тәжірибені зерттеу және жинақтау;

- математикалық әдістер – эксперименттік зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу: Студенттің тәуелсіз таңдаулар үшін t-критерийі, Фишердің F-критерийі (дисперсиялық талдау).

Зерттеу кезеңдері мен жүргізілу тәртібі.

Алғашқы кезеңде (2018–2020) педагогикалық теория мен практикадағы зерттелетін мәселенің жағдайы зерттелді. Зерттелетін мәселе бойынша педагогикалық, лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттер талданды. Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты мен негізгі ұғымдары қалыптастырылды. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындығының мәні, құрылымы және мазмұны анықталды. Зерттеу дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды. Мәселенің және зерттеу мақсатының өзектілігін растайтын бастапқы эксперимент жүргізілді. Жүргізілген жұмыстың нәтижелері «Research of readiness of pedagogical specialties students to teach in English» мақаласында жарияланды.

Екінші кезеңде (2020–2022) болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастырудың моделі

әзірленді. Қалыптастырушы экспериментті жүргізу әдістемесі мен шарттары анықталды. Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуімен инновациялық-дидактикалық кешен жасалды. Алға қойылған гипотезаны тексеру мақсатында қалыптастырушы эксперимент жүргізілді. Орындаған зерттеудің нәтижелері «Preparing students for professional activities in English» мақаласында баяндалған.

Үшінші кезеңде (2022–2024) зерттеу материалдары жинақталып, қорытындылар жасалды. Зерттеу нәтижелері диссертация түрінде рәсімделді.

Зерттеу базасы: Коммерциялық емес АҰ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті».

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мынадай тұжырымдарда жатыр:

– кәсіби қызметте ағылшын тілін қолдануға дайындық ұғымы тұлғаның интегративтік сипаттамасы ретінде нақтыланды;

– болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды;

– болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастыру моделі әзірленді;

– болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастыру моделін іске асырудың тиімділігі эксперимент нәтижелерін талдау негізінде эксперименталды түрде тексерілді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы мынада:

– болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындық ұғымының мәні нақтыланды, бұл шет тілін қолдану негізінде педагогтардың кәсіби қызметке дайындығы құрылымы туралы ғылыми түсініктерді кеңейтеді;

– болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды, бұл аталған дайындықты қалыптастыру үдерісін педагогикалық қамтамасыз ету туралы теориялық қағидаларды нақтылайды;

– болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастыру моделі әзірленді, оның құрамына инновациялық-дидактикалық кешен енгізілген, бұл болашақ педагогтарды даярлауда жүйелі және кешенді тәсілдің теориялық негізін қалыптастырады;

– эксперименттік тексеру ұсынылған модельдің болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастыру мақсаттарына сәйкестігін растады, бұл шет тілін оқыту әдістемесі және педагогтарды кәсіби даярлау саласындағы кейінгі зерттеулерге теориялық негіз қалайды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы эксперименттік жұмыстың нәтижелерінде көрініс табады, олар болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастыру моделін іске асырудың тиімділігін растайды және оқу үдерісіне келесі бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді енгізуге мүмкіндік береді:

– 6B01509 – Биология білім беру бағдарламасына арналған «Кәсіби-бағытталған шетел тілі (ағылшын тілі)» пәні бойынша оқу бағдарламасы (Syllabus);

– «Professionally oriented English. Biology» оқу-әдістемелік құралы;

– «Professionally oriented English. Biology» электрондық оқу-әдістемелік құралы.

Аталған бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету пәнаралық интеграция негізінде, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) технологиясын қолдану арқылы және ағылшын тілін кәсіби қызметте қолдануға деген оң мотивация мен қызығушылықты дамытуға ықпал ететін ынталандырулармен үйлестіре отырып әзірленді.

Қорғауға келесі тұжырымдар ұсынылады:

1. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындық тұлғаның кешенді сипаттамасы болып табылады, оның құрамына кәсіби қызметті ағылшын тілінде жүзеге асыру үшін қажетті оң мотивация, лингвистикалық құзыреттілік және кәсіби-коммуникативтік дағдылар кіреді.

2. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары: ағылшын тілін кәсіби қызметте қолдануға деген оң мотивация мен қызығушылықты дамытуға бағытталған ынталандыруларды қолдану; студенттерді пәнаралық интеграция негізінде қажетті білімдер кешенімен қамтамасыз ету; пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) технологиясын қолдану арқылы ағылшын тілін практикалық меңгеру. Аталған шарттар жиынтығы зерттелетін дайындықты мақсатты түрде қалыптастыруды тұтас үдеріс ретінде қамтамасыз етеді.

3. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастыру моделі келесі компоненттерді қамтиды: мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, диагностикалық, нәтижелі. Әзірленген модель оқу пәндерінің, әдістерінің, құралдарының және оқыту формаларының жүйелі ұйымдастырылуымен, сондай-ақ дайындықтың мотивациялық, когнитивтік және праксиологиялық компоненттерінің интеграциясымен сипатталады. Модельдің тиімділігі болашақ педагогтардың дайындық деңгейін мақсатты түрде қалыптастыру қабілетімен дәлелденеді және білім беру үдерісін ұйымдастырудағы кешенді, тұлғаға бағытталған тәсілмен ерекшеленеді.

4. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындықты қалыптастыру моделінің бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуі мыналарды қамтиды:

– 6B01509 – Биология білім беру бағдарламасына арналған «Кәсіби-бағытталған шетел тілі (ағылшын тілі)» пәні бойынша оқу бағдарламасы (Syllabus);

– «Professionally oriented English. Biology» оқу-әдістемелік құралы;

– «Professionally oriented English. Biology» электрондық оқу-әдістемелік құралы.

5. Эксперимент нәтижесінде болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ағылшын тілін қолдануға дайындық деңгейінің статистикалық тұрғыдан мәнді өсуі (21,6%) анықталды, бұл әзірленген модельдің тиімділігін растайды.

Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелерін **сынақтан өткізу және енгізу** ғылыми жарияланымдар түрінде жүзеге асырылды. Зерттеудің негізгі теориялық ережелері мен нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланды: XV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Лингводидактика мен шетел тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері» (Чебоксары, 2018); VI Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Ғылым әлемі шекарасыз» (Тамбов, 2019); IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Global Science and Innovations 2019: Central Asia» (Астана, 2019); XVII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Қазіргі ғылымның тенденциялары» (Шеффилд, 2021); XXIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Әлемдік ғылымның стратегиялық мәселелері» (Пшемысль, 2026).

Диссертациялық зерттеудің мазмұны автордың 11 жарияланымында көрініс тапқан, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін ғылыми басылымдарда – 2, ҚР ҒЖБМ СК ұсынған басылымдарында – 4, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 5. Сонымен қатар, «Professionally oriented English. Biology» оқу-әдістемелік құралын баспа және электронды форматта әзірлеу мен шығару жүзеге асырылды.

Диссертация құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, олардың логикалық байланысына, зерттеу кезеңдерінің реттілігі мен өзара шарттылығына негізделген. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады және кестелер, схемалар, графиктер және диаграммалар сияқты қосымшалармен безендірілген.